Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау
Орталығы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: «Ақтау студенттер Альянсы»
корпоративтік қорының атқарушы директоры
Г.Б.Бурхандиновадан

# Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

<table>
<tr><td colspan="5">1. Өтініш беруші</td></tr>
<tr><td>1. БСН</td><td colspan="4">100340005220</td></tr>
<tr><td>2. Ұйымның тіркелген күні</td><td colspan="4">2010 жыл 26 ақпан</td></tr>
<tr><td>3. Ұйымның толық атауы</td><td colspan="4">«Ақтау студенттер Альянсы» корпоративтік қоры</td></tr>
<tr><td>4. Ұйымның заңды мекен жайы</td><td colspan="4">Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6шағын аудан, жастар ғимараты Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының «Облыстық жастар саясаты орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын</td></tr>
<tr><td>5. Ұйымның басшысы</td><td>Бурхандинова</td><td>Гульмира</td><td>Баяновна</td><td>«Ақтау» студенттер Альянсы» корпоративтік қорының атқарушы директоры</td></tr>
<tr><td>6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері</td><td colspan="4">Республика жастарының мүдделерін қорғауға, азаматтық және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға, сонымен бірге студент жастардың жан-жақты дамуына, білім алуына, студенттерді патриотизм мен отансүйгіштікке тәрбиеленуіне және өз мүмкіндіктерін толыққанды таныта алуарына, студент жастардың мәселелерін шешу</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>жағдайлары мен механизмдерін қалыптастыруға бағытталған талаптарын, күш-қуатын, әлеуетін біріктіру, студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар</td><td>Жоғарғы оқу орын және Орта арнаулы оқу орын студенттері</td></tr>
<tr><td>8. Ұйымның байланыс телефоны</td><td>+77015514484</td></tr>
<tr><td>9. Электрондық пошта мекен жайы</td><td>aktauask25@gmail.com</td></tr>
<tr><td>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</td><td>https://bio.site/qsa_ask</td></tr>
<tr><td>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</td><td>Instagram: @ask_aktau<br>Facebook:@askaktau<br>Tik-tok: @ask.aktau</td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін</td><td>
<table>
<tr><td rowspan="2">№</td><td rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</td><td colspan="2">Орындау кезеңі</td><td>Негізгі нәтижелері</td></tr>
<tr><td>Басталуы</td><td>Аяқталуы</td><td></td></tr>
<tr><td>1</td><td>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өңірлік жастар форумын ұйымдастыру</td><td>4 748 600</td><td>Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы ММ</td><td>Қазан 2016</td><td>Желтоқсан 2016</td><td>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, облыстың әр сала бойынша жастары марапатталды. Марапаттау рәсімін Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрі Ермекбаев Нұрлан Байзуақұлы өткізді. Форум міндеті Қазақстан қоғамының маңызды әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша жастар</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бастамаларын ынталандыру. Шара аясында облысымыздың мақтаныштары бокстан Олимпиаданың екі дүркін күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов және қазақ эстрадасының әншісі Кәмшат Жолдыбаева жастарға өз үндеулерін тастады. Форум Қазақстан Республикасының эстрада жұлдыздарының өнерімен аяқталды. |
| 2 | Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында студенттік өзін-өзі қалыптастыру жүйесін дамыту | 6 318 000 | «Маңғыстау облыстық Жастар саясаты басқармасы» ММ, Оператор «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ | Тамыз 2022 | Қараша 2022 | Маңғыстау облысы бойынша 1000 респонденттен жауап алынды. Маңғыстау облысы бойынша көшбасшы 103 студенттің базасы жасақталды. 5 рет өткізілген тимбилдингке 154 адам қатысып, ойынға белсене қатысқан 77 команда мүшелеріне алғыс хаттар табысталды. 5 рет өткізілген мотивациялық тренингке барлығы 291 студент қатысты. Үздік 3 спикер-тренер шақыртылды. 175 қатысушыға арнайы таратпа материалдар берілді. Жоба аясында 10 шара өткізілді. Спорттық шаралар бойынша команда саны-34. Дәрежелі орындарға ие болған оқу орындар саны-9. Мәдени шаралар бойынша 9 студентке 1,2,3 дәрежелі орындар берілді. Қамтылған студент саны - 328. «Жыл студенті-2022» |

| | |
|---|---|
| | аталымдары бойынша 10 студентке 10 дана статуэтка, естелік сыйлық, диплом, гүл және «Үздік спорттық оқу орын» аталымы бойынша 1 оқу орынға кубок, диплом табысталды. |
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Бурхандинова Гульмира Баяновна - Атқарушы директор, жоба жетекшісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | – Ұйым: Маңғыстау облысы бойынша «Қазақстан студенттер Альянсы» ҚҚ<br>– Лауазым: директор<br>– Басталған жылы: 2006<br>– Бітірген жылы: 2010<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық «Арман» жастар орталығы<br>– Лауазым: бөлім басшысы<br>– Басталған жылы: 2009<br>– Бітірген жылы: 2010<br><br>– Ұйым: «Ақтау» студенттер Альянсы» ҚҚ<br>– Лауазым: атқарушы директор<br>– Басталған жылы: 2010<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: Облыстық жастар саясаты орталығы |

| | |
|---|---|
| | – Лауазым: басшы орынбасары<br>– Басталған жылы: 2010<br>– Бітірген жылы: 2012<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы<br>– Лауазым: бөлім  маманы<br>– Басталған жылы: 2016<br>– Бітірген жылы: 2017<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы<br>– Лауазым: директор<br>– Басталған жылы: 2017<br>– Бітірген жылы: 2017<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы<br>– Лауазым: бөлім басшысы<br>– Басталған жылы: 2019<br>– Бітірген жылы: 2019 |
| 3. Қосымша мәліметтер | ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өткен «Елбасымен бірге – жаңа жетістіктерге» атты жастар форумының спикері (2015 жыл), Маңғыстау облыстық жастар кеңесінің мүшесі (2022 жыл), облыстық «Жас көшбасшы» номинациясының иегері (2011 жыл), облыстық «Сала үздігі» номинациясының иегері (2015 жыл). Әлеуметтік жобадағы еңбек өтілі – 13 жыл, Жалпы еңбек өтілі – 17 жыл. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: https://instagram.com/gulmira_bayanovna?igshid=Zjc2ZTc4Nzk=<br>https://www.facebook.com/profile.php?id=100084186924855&mibextid=LQQJ4d | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Утегалиева Жансулу Сериковна – жоба есепшісі |

| | |
|---|---|
| 2. Жұмыс тәжірибесі | – Ұйым: КСК "Айдын"<br>– Лауазым: есепші<br>– Басталған жылы: 2014<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: КСК "Премьер Сити"<br>– Лауазым: есепші<br>– Басталған жылы: 2020<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: "Мөлдіркөз" көзі көрмейтін мүгедектер қоғамдық бірлестігі<br>– Лауазым: есепші<br>– Басталған жылы: 2020<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: "Ақтау студенттер Альянсы" корпоративтік қоры<br>– Лауазым: есепші<br>– Басталған жылы: 2021<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: "Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры" қоғамдық қоры. "Жарқыра" жобасы.<br>– Лауазым: есепші<br>– Басталған жылы: 2022<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін |
| 3. Қосымша мәліметтер | Білімі – жоғары. Әлеуметтік жобадағы еңбек өтілі – 3 жыл, Жалпы еңбек өтілі – 12 жыл. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: https://instagram.com/zhansulu.utegalieva?igshid=NDk5N2NlZjQ= | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда | Қалиева Жұлдызай Айдосқызы – қоғаммен байланыс жөніндегі маман |

| | |
|---|---|
| қатысушысының лауазымы | |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | – Ұйым: Республикалық қоғамдық-әлеуметтік «Ұстаз мәртебесі» газеті<br>– Лауазым: журналист<br>– Басталған жылы: 2018<br>– Бітірген жылы: 2019<br><br>– Ұйым: «Әлімсақ» журналы<br>– Лауазым: журналист<br>– Басталған жылы: 2018<br>– Бітірген жылы: 2019<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық mangystaumedia.kz сайты<br>– Лауазым: СММ журналист<br>– Басталған жылы: 2019<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық көпбейінді ауруханасы<br>– Лауазым: баспасөз хатшы<br>– Басталған жылы: 2021<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы<br>– Лауазым: баспасөз хатшы<br>– Басталған жылы: 2022<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін<br><br>– Ұйым: "Ақтау студенттер Альянсы" корпоративтік қоры<br>– Лауазым: қоғаммен байланыс жөніндегі маман<br>– Басталған жылы: 2022<br>– Бітірген жылы: бүгінгі күнге дейін |

| | |
|---|---|
| 3. Қосымша мәліметтер | Білімі – жоғары. Әлеуметтік жобадағы еңбек өтілі 5 жыл. Жалпы еңбек өтілі – 7 жыл. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: | |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Студенттердің жан – жақты және қоғамдық пайдалы өмірін, студент жастарды мәдени, рухани - адамгершілік құндылықтарға баулу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру. Студенттердің әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруына жәрдемдесу. |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Student life» жобасы |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті | Студенттік мәселелер әрқашан болды. Дегенмен, әрбір жаңа буын оқушыларының өмірі әртүрлі шындықта өтіп, басқа проблемаларды ашып көрсетеді. Әрбір студент үшін оқу кезеңі өмірдің ең алаңсыз және қызықты уақыты болып табылады. Бірақ солай ма? Қазіргі таңда Маңғыстау облысында 27743 студент бар. Қарапайым шалғай ауданнан, басқа қаладан, тіпті ауылдан келіп жатырған студенттер мәселелерді шешуде айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіруде. Олардың ішіндегі ең маңыздысы және жиі соқтығысып жүрген мәселелеріне тоқталсақ. Соңғы кездері жасөспірімдердің қолданатын жаңа синтетикалық психотропты есірткі заттары мен темекі түтінді зиянды заттардың пайда болуы ***«тренд»*** қоғам назарын аудартуда. Денсаулық сақтау министрлігінің мәлемдесінде, Қазақстан бойынша тіркелген нашақорлар саны 18500 ден астам. Оның ішінде 1500 нан астамы әйелдер. Ал тіркелмеген тек алып сатумен, пайдаланумен айналысып жүрген бейкүнә студенттер, оқушылар қаншама. Бұл – **бірінші**. Сілтеме: https://www.inform.kz/ru/bolee-3-tys-pravonarusheniy-sovershili-podrostki-v-mangistauskoy-oblasti_a3978147/amp. https://www.inform.kz/ru/bolee-18-5-tys-narkomanov-sostoit-na-uchete-v-rk_a3946313. **Екіншіден:** Жасөспірімдер арасында ең көп тараған қылмыстық әрекеттер - ұрлық, басқалардың мүлкіне ие болу. 2022 жылы Маңғыстау облысында жылдың басынан бері кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қатысуымен 3367 құқық бұзушылық орын алған, деп хабарлайды mangystaumedia.kz Полиция департаментінің баспасөз қызметіне сілтеме бере отырып. https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/116564. Ал 2020 жылғы дерек бойынша есептік |

| | |
|---|---|
| деректермен негізделуі тиіс.) | мерзімде 13 қылмыс тіркелген. Жоғарыда аталған 13 қылмысты жасы 14-17 аралығында, 15 жасөспірім жасаған, оның ішінде:<br>- білім беру ұйымдарының білім алушылары – 12 оқушы;<br>- 3 жасөспірім колледж оқушысы;<br>- 9 орта мектепте оқиды.<br>Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзғаны үшін, **2991** ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сілтеме: https://qamshy.kz/article/57400-manhghystau-oblysynda-dgasospirimder-arasyndaghy-qylmys-sany-osken-dgoq. **Үшіншіден:** Маңғыстау облысы жасөспірім қыздардың ең жоғары туу көрсеткіші бойынша 3 тікке еніп отыр: Түркістан (36,3), Маңғыстау (36,2) және Жамбыл (34,3) облыстары. Сілтеме: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/mangistau_zhasospirm_kizdardin_tuu_korsetkishinen_ushtikke_endi. Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің мәлеметіне сәйкес, 2021 жылдың басынан бері 244 жасөспірім жүктілік бойынша бақылауда болса, оның ішінде 202 жүкті жасөспірім 2021 жылы есепте тұрған. 2021 жылдың 31 желтоқсанының аяғында барлығы 86 жасөспірім жүктілікке тіркелген. Сонымен қатар 2021 жылы 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 6 жасанды түсік тіркелген. Сілтеме: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/112422. **Төртіншіден:** Елді мекендердегі криминогендік жағдай. Жылдар бойы топ-топқа бөлінген студенттер арасында қақтығыстар жиі орын алып жүр. Кейбір жанжалдардың соңы адам өліміне соқтыруда. 2022 жылы Ақтау қаласында 16 жастағы студенттің кеуде тұсына оқ тиіп ауруханаға жатқызылған болатын. Бұл дегеніміз студент жасөспірімдер арасында қару жарақтың ашық түрде пайдаланып жүргендігін көрсетеді. Сілтеме: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/111643.<br>https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/aktauda_zhasospirimder_arasindagi_tobelestin_man-zhayi_belgili_boldi. Мәселен Маңғыстау облысы Шетпе ауылында бір топ жасөспірім балалар арасында төбелес болып, видеосы әлеуметтік желіге таралған еді. «Төбелеске қатысқандардың саны едәуір көп болғанына қарамастан ішкі істер органына ешқандай шағым келіп түспепті. Дегенмен тәртіп сақшылары 18 жасөспірім баланы анықтап, полиция бөлімшесіне жеткізген. Онда балалар және ата-аналарымен профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілген» делінген Экспресс К сайтында. Сілтеме: https://exk.kz/kk/news/144623/mangystauda-zhasospirimdierdin-zhappai-tobieliesi-vidieoga-tusip-kaldy. https://mangystaumedia.kz/kk/audan-tynysy/mangystau/117324. 2022 жылы Ақтау қаласында 31 а шағын ауданында 21 жасөспірім студенттер төбелесіп, 102 кезекші пультіне хабарлағанның нәтижесінде қауіп-қатерден аман қалған. Осы секілді студенттер, жасөспірімдер арасында болатын қақтығыстар тек есепке алу және профилактикалық түсіндірме әңгімемен ғана шектеліп қалады. Сілтеме: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/116483. **Бесіншіден:** Облыс бойынша барлық жоғарғы оқу орындар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында Студенттік өзін-өзі басқарудың бірыңғай құрылымы жасақталған. Алайда әрбір оқу орын өзінше жеке дара ережелерімен, жоспармен әрекет ету үстінде. |

| | |
|---|---|
| | Кәсіптік оқу орын комитет төрағасы болып мұғалім жетекшілік етсе, кейбір оқу орында студент жетекшілік етіп отыр. 2022 жылы 15-30 тамыз аралығында Mangystauzhastary.kz сайты мен «Ақтау» студенттер Альянсы» корпоративтік қорының инстаграм парақшасына жастардың өзекті мәселелерін анықтау мақсатында онлайн сауалнама шығарылды. Маңғыстау облысы бойынша 1000 респонденттен жауап алынып, талдау жасалды. Ол дегеніміз Маңғыстау облысында 27743 студент болатын болса, соның тек 4% ы ғана қамтылды деген сөз. Бұл - **алтыншы. Жетіншіден:** Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау. 2022 жылы өз-өзіне қол жұмсау *(суицид)* фактілері – 26*(2021 жылы – 23, яғни 11,5% көтерілген).* Ресми деректерге қарасақ, өткен жылдың өзінде елімізде 143 жасөспірім желідегі кибербуллингтің кесірінен өз-өздеріне қол жұмсаса, 306 кәмелетке толмаған балалар желідегі арам ойлылардың құрығынан құтылған. Бұл сан көрсеткіші тиісті орындарға барып арыз, шағым түсіргендердің бірнеше бөлігі ғана болуы мүмкін. Себебі көп жағдайда балалар мен жасөспірімдер қорыққаннан немесе сенімді адам таппағаннан ешкімге айтпауы бек мүмкін. Сілтеме: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/aymakta_kamelettik_zhaska_tolmagandar_arasindagi_suitsidtin_aldin_alu_talkilandi https://mangystaumedia.kz/kk/bile-zhuriniz/109563 . https://www.youtube.com/watch?v=IsjAEK2whIU<br><br>**Жоғарыдағы аталған мәселелерді реттеу үшін студенттер арасында қоғамдық мәдени іс шараларды күшейту, жастармен жұмысты жоспарлау мен іске асырудағы тәсілдерді қайта қарау қажет. Жергілікті депутаттармен, азаматтық қоғам белсенділерімен, мәдениет және спорт саласындағы танымал тұлғалармен, теологтармен, қажет болған жағдайда тіпті ауыл ақсақалдарымен де тығыз қарым-қатынас көбірек жасалуы керек.** |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Жан - жақты және қоғамдық пайдалы студенттік өмірді,студент жастарды мәдени, рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, студенттердің әлеуметтік өзін-өзі қалыптастыруына жәрдемдесу |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді қамтамасыз ету.<br>2. Маңызды мәселелерді шешуге және студенттердің бастамаларын іске асыруға, студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған студенттердің қоғамдық қызметін қолдау бойынша жұмысты ұйымдастыру.<br>3. Жастардың барлық өзекті мәселелері бойынша тұрақты түрде студенттік ортаға мониторинг, сауалнама, талдау жүргізу.<br>4. Студенттер арасында кемінде 200 көшбасшы жастардың базасын жасақтау.<br>5. Студенттердің қызығушылықтары бойынша оларды қоғамдық, мәдени және спорттық өмірге тарту мақсатында студенттік клубтардың жұмысын ұйымдастыру.<br>6. Облыс студенттеріне арналған қоғамдық, мәдени, спорттық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастыру. |

| | |
|---|---|
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қолжеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **Қазіргі таңда Маңғыстау облысында әрекет етуші университет саны – 1 (Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті), колледж саны – 25. Маңғыстау облысы бойынша білім алушы студенттердің жалпы саны – 27743.**<br><br>**1. Облыс бойынша жоғарғы оқу орындар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында Студенттік өзін-өзі басқарудың бірыңғай құрылымын құру.**<br>Облыстық білім беру басқармасымен келісе отырып, жалпыға бірдей студенттік өзін-өзі басқару құрылымының ережесі жасақталып, қайта құрылады. Облыс бойынша барлық оқу орын ұйымдарына құрылым ережесі жолданады. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына әр түрлі бағыттар бойынша бірыңғай жоспар жасақталады. (наурыз)<br><br>**2. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының көшбасшыларын сайлау.**<br>Студенттік өзін-өзі басқару құрылымының бірыңғай ережесі таратылғаннан кейін, жалпыға бірдей бір күн бекітіліп, барлық оқу орында көшбасшылар сайлауы өткізіледі. Сайлау қорытындысына сәйкес кандидаттар тізімі алынып, әлеуметтік желілерде, оқу орын сайттарында тізімі жарияланады. (наурыз)<br><br>**3. Жылына кем дегенде екі рет облыстық Студенттер кеңесін ұйымдастыру.**<br>Сайланған көшбасшылардың қатысуымен студенттер кеңесі құрылады. Отырыс ағымдағы жылдың сәуір айында ашық аспан астында мемлекеттік орган қызметкерлерінің қатысумен еркін форматта өтеді. Екінші кездесу қараша айында Есенов университетінің ғимаратында атқарылған жұмыстарға қорытынды есеп беру отырысы ретінде өткізіледі.<br><br>**4. Жастардың барлық өзекті мәселелері бойынша тұрақты түрде студенттік ортаға мониторинг, сауалнама, талдау жүргізу.**<br>Жастар арасындағы өзекті мәселелер бойынша әлеуметтік желіде мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижесінде таңдалған өзекті мәселелер бойынша кемінде 500 студенттің қатысуымен ақпараттық порталда сауалнама толтырылады. Талдау қорытындысы бойынша тиісті мамандармен студенттер арасында кездесу ұйымдастырылады. (маусым)<br><br>**5. Студенттер арасында кемінде 200 көшбасшы жастардың базасын жасақтау**<br>2022 жылы жасақталған белсенді студенттер базасы 200 ге толықтырылады. Қазіргі таңда студенттер арасындағы суицид, кибербуллингтен алыстату мақсатында, көшбасшы базасынан алынған белсенді студенттерді әр сала бойынша |

| | |
|---|---|
| | ақпараттық насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Атап айтқанда: Маңғыстау жастары сайты – сұхбат, Маңғыстау облыстық газеті – мақала, Маңғыстау медиа сайты – сұхбат, Тақырыптық LIVE бағдарламаларға сұхбат, 1 минуттық таныстыру бейнеролигі түсіріледі. (шілде)<br><br>**6. Студенттердің қызығушылықтары бойынша оларды қоғамдық, мәдени және спорттық өмірге тарту мақсатында студенттік клубтардың жұмысын ұйымдастыру.**<br>Студенттік клубтардың басын қосу, тәжірибе алмасу, студенттер арасындағы ортақ қызығушылықтарды табу мақсатында облыстық көлемде жәрмеңке ұйымдастырылады. Әр оқу орын бойынша студенттік клуб тізімі жасақталады. Жинақталған студенттік клубтар **(кемінде 10)** әлеуметтік желі арқылы @ask_aktau инстаграм парақшасында, Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасында жеке-жеке жұмыстарымен таныстырылады. (мамыр)<br><br>**7. Облыс студенттеріне арналған қоғамдық, мәдени, спорттық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастыру.**<br>«Студент көктемі – 2023» облыстық студенттер фестивалі ұйымдастырылады. Фестиваль мақсаты: талантты жастарды анықтау, олардың азаматтық белсенділігін арттыру, өнерін шыңдауға ықпал ету және өскелең ұрпақ бойында патриоттық сезімді ояту, жастар арасында бұқаралық спортты насихаттау болып табылады. Студенттер Фестивалі 2 аптаға созылады. Шара аясында мәдени сала бойынша эстрадалық ән, хореография, музыкалық аспап өтсе, спорт сала бойынша шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисінен жарыс өткізіледі. Фестивальдың ГАЛА концерті Ақтау қаласының теңіз жағалауында орналасқан Амфитеатрда өтеді (сәуір). Спорт жеңімпаздарына 4 дана (футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі) кубок және 1 Үздік спорттық оқу орынға 1 дана кубок табыс етіледі. Әрбір спорттық жарыста төрешілер төрелік етеді. Гала концертте фестиваль аясында жеңіске жеткен барлық қатысушыларға, командаларға диплом, қаржылай сертификат (1 орын 50 000 тг, 2 орын 30 000 тг, 3 орын 10 000 тг) табысталады.<br><br>**8. Белсенді студенттерді ынталандыру.**<br>Белсенді студенттерді ынталандыру мақсатында **«**Жыл студенті-2023**»** облыстық студенттер байқауы өткізіледі. «Үздік ерікті», «Үлгерімі үздік студент», «Үздік студенттік өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы», «Үздік ақын», «Үздік мобилография», «Үздік белсенді студент», «Үздік өнерпаз», «Үздік спортшы», «Үздік суретші», «Жыл студенті-2023» аталымдары бойынша үздік 10 студент марапатталып, естелік сыйлықтары табысталады. (қараша) |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | Наурыз 2023 жыл |

| | |
|---|---|
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | Қараша 2023 жыл |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Жоғарғы оқу орын студенттері, орта арнаулы оқу орын студенттері, 16-22 жас аралығындағы жастар, белсенді көшбасшы студенттер. |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Жобаға қатысу арқылы тікелей қамту – кемінде 2000 адам, жанама қамту – 5000 адам.<br><br>**Тікелей қамту.**<br>Жоба аясында **2 үлкен шара** - «Студент көктемі – 2023» облыстық студенттер фестивалі және **«Жыл студенті-2023»** облыстық студенттер байқауы өткізіледі. **«Студент көктемі – 2023» облыстық студенттер фестиваліне 500 студент**, **«Жыл студенті-2023» облыстық студенттер байқауына 300 студент** тартылады. Студенттер фестивалі аясында **7 кіші шара**, атап айтқанда мәдени сала бойынша эстрадалық ән, хореография, музыкалық аспап өтсе, спорт сала бойынша шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисінен жарыс өткізіледі. Жалпылама барлығына **600 студент** қамтылады. Одан бөлек сайланған көшбасшылардың қатысуымен **2 рет студенттер кеңесінің отырысы** өтеді. Қатысушы саны **кемінде** 25 адамнан **барлығы 50 адам**. Жастар арасындағы өзекті мәселелерді анықтау барысында **кемінде 500 адамға** сауалнама жүргізіледі. Нәтижесінде тиісті мамандармен студенттер арасында кездесу **кемінде 2 кездесу** ұйымдастырылады. Қатысушы саны **кемінде** 25 адамнан **барлығы 50 адам.**<br><br>**Жанама қамту**.<br>«Маңғыстау» облыстық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, қаралым саны орташа есеппен 20 000 адам.<br>«Ақтау» қалалық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, қаралым саны орташа есеппен 10 000 адам.<br>«Mangystauzhastary.kz» сайты – қысқаша материал, қаралым саны орташа есеппен 5200 адам.<br>«Lada.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, қаралым саны орташа есеппен 2000 адам.<br>«Mangystaumedia.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, қаралым саны орташа есеппен 350 адам.<br>«Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, таралым саны – 5000.<br>«Огни Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, таралым саны – 5000.<br>Маңғыстау облысының Қоғамдық коммуникация орталығының Фейсбук парақшасы – мақала, тіркелуші (подписчик) саны – 5273 адам.<br>@Mangystau.news инстаграм парақшасы – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 5273 адам.<br>«Төрлетіңіз» бағдарламасы (live) – сұхбат, тіркелуші (подписчик) саны – 100 адам;<br>@ask_aktau инстаграм парақша – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 271 адам; |

| | |
|---|---|
| | Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасына – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 37 адам;<br>@ask_aktau инстаграм парақша – видеоролик, тіркелуші (подписчик) саны – 271 адам;<br>Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасына – видеоролик, тіркелуші (подписчик) саны – 37 адам;<br>Маңғыстау жастары Фейсбук парақшасы – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 634 адам;<br>@Tupkaragan.zhastar инстаграм парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 2113 адам.<br>Түпқараған жастар орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 3259 рет;<br>@Karakiya.youth инстаграм парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 68 адам.<br>Қарақия жастар Фейсбук парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 192 адам;<br>Маңғыстау Аудандық Жастар Орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 4847 адам;<br>@mangystau_audan_zhastary инстаграм парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 2001 адам.<br>@zhastar_beineu инстаграм парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 4314 адам.<br>Бейнеу Жастар Орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, тіркелуші (подписчик) саны – 4979 адам;<br>@caspiantodaykz инстаграм парақшасы – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 71 100 адам.<br>«Ozgeris.info» ақпараттық порталы – мақала, қаралым саны орташа есеппен 252 адам.<br>@qsa_ask инстаграм парақшасы – пост, тіркелуші (подписчик) саны – 21 900 адам. |
| Сандық нәтижелері | 1) Облыс бойынша **1 Университет пен 25 колледжде** Студенттік өзін-өзі басқарудың бірыңғай құрылымы құрылады;<br>2) Студенттік өзін-басқару ұйымдарының көшбасшыларын сайлау жалпыға бірдей 1 күн бекітіліп ұйымдастырылады;<br>3) Сайланған көшбасшылардың қатысуымен студенттер кеңесі құрылады. Ағымдағы жыл ішінде **2 рет отырыс** өтеді. Қатысушы саны **кемінде 25 адамнан 50 адам;**<br>4) Таңдалған өзекті мәселелер бойынша **кемінде 500** студенттің қатысуымен ақпараттық порталда сауалнама толтырылады. Сауалнама нәтижесіне сай қажеттілік туындап отырған тиісті мамандармен студенттер арасында **кемінде 2 кездесу** болады ;<br>5) Белсенді студенттер базасын **200 ге толықтырып**, ақпараттық насихаттау жұмыстары әлеуметтік желілерде, сайттарда, тақырыптық live бағдарламаларда, газеттерде жүргізіледі **(кемінде 10 адам)**;<br>6) Жинақталған студенттік клубтар **(кемінде 10)** әлеуметтік желі арқылы @ask_aktau инстаграм парақшасында, Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасында жеке-жеке жұмыстарымен таныстырылады. Студенттік клубтардың басын қосу, тәжірибе алмасу, студенттер арасындағы ортақ қызығушылықтарды табу мақсатында облыстық көлемде **1 жәрмеңке** ұйымдастырылады;<br>7) Облыстық көлемде 2 үлкен шара «Студент көктемі – 2023» облыстық студенттер фестивалі және «Жыл студенті-2023» облыстық студенттер байқауы ұйымдастырылады. Одан бөлек, кемінде 7 мәдени, спорттық іс-шаралар өткізіледі. Олар: эстрадалық әннен, хореографиядан, музыкалық аспаптан, шағын футболдан, волейболдан, баскетболдан, үстел теннисінен жарыстар. «Студент көктемі – 2023» фестивалінің қорытынды гала концертінде |

| | | |
|---|---|---|
| | апталыққа қатысқан **21 команда** және **1 үздік спорттық оқу орын** кубоктармен, дипломдармен марапатталады. **Студенттерді ынталандыру мақсатында** 1 орынға ие болған **6 командаға/қатысушыға** (ән, би, домбыра, футбол, волейбол, баскетбол) әр қайсысына 50 000 теңгеден **300 000 теңге**, 2 орынға ие болған **6 командаға/қатысушыға** әр қайсысына 30 000 теңгеден **180 000 теңге**, 3 орынға ие болған **6 командаға/қатысушыға** әр қайсысына 10 000 теңгеден **60 000 теңге** табыс етіледі. Ал үстел теннисінің **3 жеңімпаздарына** 1 орынға **30 000** тг, 2 орынға **20 000** тг, 3 орынға **10 000** тг. қаржылай сертификат беріледі. Гала концерт соңы жастардың ән-би кешімен жалғасын табады. Жалпылама барлығына **600 студент** қамтылады. «Жыл студенті-2023» облыстық студенттер байқауы аясында **10 студент** «Үздік ерікті», «Үлгерімі үздік студент», «Үздік студенттік өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы», «Үздік ақын», «Үздік мобилография», «Үздік белсенді студент», «Үздік өнерпаз», «Үздік спортшы», «Үздік суретші», «Жыл студенті-2023» аталымдары бойынша дипломмен, гүл шоқтарымен, естелік сыйлықтармен (ноутбук) марапатталады. | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | Жастар арасындағы өзекті мәселелер бойынша әлеуметтік желіде мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижесінде таңдалған өзекті мәселелер бойынша кемінде 500 студенттің қатысуымен ақпараттық порталда сауалнама толтырылады. Талдау қорытындысы бойынша тиісті мамандармен студенттер арасында кездесу ұйымдастырылады. Кездесу жоба аясында кемінде 2 рет өтеді. Арнайы маманның көмегімен студенттер өздерінің жеке мәселелерін, қиындықтарын шешуге мүмкіндік алады. | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес<br><br>«Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының «Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы» КММ<br><br>«Маңғыстау Media» ЖШС<br><br>«Қазақстан студенттерінің Альянсы» республикалық студенттер қозғалысы | Қолдау түрі<br><br>Іскерлік қолдау<br><br>Ақпараттық қолдау<br><br>Ақпараттық қолдау |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | 1. «Маңғыстау» облыстық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында 2 рет;<br>2. «Ақтау» қалалық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында 2 рет;<br>3. «Mangystauzhastary.kz» сайты – қысқаша материал, жоба аясында 10 рет;<br>4. «Lada.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, жоба аясында 5 рет;<br>5. «Mangystaumedia.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, жоба аясында 10 рет; | |

| | |
|---|---|
| | 6. «Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында 3 рет;<br>7. «Огни Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында 3 рет;<br>8. Маңғыстау облысының Қоғамдық коммуникация орталығының Фейсбук парақшасы – мақала, жоба аясында 8 рет;<br>9. @Mangystau.news инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында 8 рет;<br>10. «Төрлетіңіз» бағдарламасы (live) – сұхбат, жоба аясында 3 рет;<br>11. @ask_aktau инстаграм парақша – пост, жоба аясында 15 рет;<br>12. Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасына – пост, жоба аясында 15 рет;<br>13. @ask_aktau инстаграм парақша – видеоролик, жоба аясында 1 рет;<br>14. Альянс Студентов Актау Фейсбук парақшасына – видеоролик, жоба аясында 1 рет;<br>15. Маңғыстау жастары Фейсбук парақшасы – пост, жоба аясында 8 рет;<br>16. @Tupkaragan.zhastar инстаграм парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>17. Түпқараған жастар орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>18. @Karakiya.youth инстаграм парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>19. Қарақия жастар Фейсбук парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>20. Маңғыстау Аудандық Жастар Орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>21. @mangystau_audan_zhastary инстаграм парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>22. @zhastar_beineu инстаграм парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>23. Бейнеу Жастар Орталығы Фейсбук парақшасы – хабарландыру, жоба аясында 5 рет;<br>24. @caspiantodaykz инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында 3 рет;<br>25. «Ozgeris.info» ақпараттық порталы – мақала, жоба аясында 3 рет;<br>26. @qsa_ask инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында 3 рет<br>27. «Student life» гранттық жобасының жүзеге асырылуына орай баспасөз конференциясы, жоба аясында 1 рет ұйымдастырылады. |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді қамтамасыз ету | «Student life» гранттық жобасының жүзеге асырылуына орай журналисттердің қатысуымен баспасөз конференциясын өткізу. | Наурыз | Наурыз | Шараға кемінде 15 адам қамтылады. Студенттерге арналған іс-шаралар таныстырылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өтетін орны - Қоғамдық коммуникация орталығы. | | | |
| 2 | Маңызды мәселелерді шешуге және студенттердің бастамаларын іске асыруға, студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған студенттердің қоғамдық қызметін қолдау бойынша жұмысты ұйымдастыру. | 1.Облыс бойынша жоғарғы оқу орындар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында Студенттік өзін-өзі басқарудың бірыңғай құрылымын құру.<br><br>2.Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының көшбасшыларын сайлау.<br><br>3.Жылына кем дегенде екі рет облыстық Студенттер кеңесін ұйымдастыру. | Наурыз | Қараша | 1. Облыстық білім беру басқармасымен келісе отырып, жалпыға бірдей студенттік өзін-өзі басқару құрылымының ережесі жасақталып, қайта құрылады. Облыс бойынша барлық оқу орын ұйымдарына **(25 колледж + 1 университет)** құрылым ережесі жолданады. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына әр түрлі бағыттар бойынша бірыңғай жоспар жасақталады.<br>2. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымының бірыңғай ережесі таратылғаннан кейін, жалпыға бірдей бір күн бекітіліп, барлық оқу орында көшбасшылар сайлауы өткізіледі. Сайлау қорытындысына сәйкес кандидаттар тізімін алып, оларды әлеуметтік желілерде, оқу орын сайттарында жариялаймыз.<br>3. Сайланған көшбасшылардың қатысуымен студенттер кеңесі құрылады. Ағымдағы жыл ішінде **2 рет отырыс** өткізіледі. |
| 3 | Жастардың барлық өзекті мәселелері бойынша тұрақты түрде студенттік ортаға мониторинг, сауалнама, талдау жүргізу | Жастар арасындағы өзекті мәселелер бойынша әлеуметтік желілерде мониторинг жүргізу. | Маусым | Қыркүйек | Таңдалған өзекті мәселелер бойынша **кемінде 500** студенттің қатысуымен ақпараттық порталда сауалнама толтырылады. Талдау қорытындысы бойынша тиісті мамандармен студенттер арасында кемінде 2 кездесу ұйымдастырылады. |
| 4 | Студенттер арасында кемінде 200 көшбасшы жастардың базасын жасақтау | Студенттер арасындағы суицид, кибербуллингтен алыстату мақсатында, көшбасшы базасынан алынған белсенді студенттерді әр | Шілде | Қыркүйек | Белсенді студенттер базасын 200 ге толықтырып, ақпараттық насихаттау жұмыстары жүргізіледі **(кемінде 10)**. Атап айтқанда: Маңғыстау жастары сайты – сұхбат, Маңғыстау облыстық газеті – мақала, Маңғыстау медиа сайты – сұхбат, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сала бойынша ақпараттық насихаттау. | | | Тақырыптық LIVE бағдарламаларға сұхбат, 1 минуттық таныстыру бейнероligi түсіріледі. |
| 5 | Студенттердің қызығушылықтары бойынша оларды қоғамдық, мәдени және спорттық өмірге тарту мақсатында студенттік клубтардың жұмысын ұйымдастыру | Студенттік клубтардың басын қосу, тәжірибе алмасу, студенттер арасындағы ортақ қызығушылықтарды табу мақсатында облыстық көлемде жәрмеңке ұйымдастыру. | Мамыр | Қыркүйек | Әр оқу орын бойынша студенттік клуб тізімі жасақталады. Жинақталған студенттік клубтарды **(кемінде 10)** әлеуметтік желі арқылы жеке-жеке жұмыстарымен таныстырылады. |
| 6 | Облыс студенттеріне арналған қоғамдық, мәдени, спорттық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастыру | 1.«Студент көктемі – 2023» облыстық студенттер фестивалін ашық аспан астында ұйымдастыру.<br><br>Өтетін орны – теңіз жағалауындағы Амфитеатр.<br><br>2. «Жыл студенті-2023» облыстық студенттер байқауын өткізу.<br><br>Өтетін орны - «Ханшахар» салтанат сарайы. | Сәуір | Қараша | 1. Студенттер Фестивалі 2 аптаға созылады. Шара аясында мәдени сала бойынша эстрадалық ән, хореография, музыкалық аспап өтсе, спорт сала бойынша шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисінен жарыс өткізіледі. Фестиваль қорытындысы гала концерт ретінде жастардың қатысуымен ашық аспан астында өтеді.<br><br>2. «Үздік ерікті», «Үлгерімі үздік студент», «Үздік студенттік өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы», «Үздік ақын», «Үздік мобилография», «Үздік белсенді студент», «Үздік өнерпаз», «Үздік спортшы», «Үздік суретші», «Жыл студенті-2023» аталымдары бойынша кемінде 10 студентті марапатталып, естелік сыйлықтары табысталады. |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| | **Әкімшілік шығыстар:** | | | | **3 707 144,00** | - | **3 707 144,00** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Еңбекақы, оның ішінде:** | | | | **3 132 144,00** | - | **3 132 144,00** |
| 1.1 | Жоба жетекшісі | ай | 9 | 120 000,00 | 1 080 000,00 | - | 1 080 000,00 |
| 1.2 | Бухгалтер | ай | 9 | 95 000,00 | 855 000,00 | - | 855 000,00 |
| 1.3 | Қоғаммен байланыс жөніндегі маман | ай | 9 | 95 000,00 | 855 000,00 | - | 855 000,00 |
| 1.4 | Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар (3 қызметкер) | ай | 9 | 25 916,00 | 233 244,00 | - | 233 244,00 |
| 1.5 | Міндетті медициналық сақтандыру (3 қызметкер) | ай | 9 | 9 600,00 | 86 400,00 | - | 86 400,00 |
| 1.6 | Банк қызметі | қызмет | 9 | 2 500,00 | 22 500,00 | - | 22 500,00 |
| **2** | **Шығыс материалдары, негізгі құралдарға қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу және басқа қорлар, оның ішінде:** | | | | **575 000,00** | - | **575 000,00** |
| 2.1 | Кеңсе тауарлары | қызмет | 1 | 65 000,00 | 65 000,00 | - | 65 000,00 |
| 2.2 | ноутбук | дана | 1 | 320 000,00 | 320 000,00 | - | 320 000,00 |
| 2.3 | принтер | дана | 1 | 190 000,00 | 190 000,00 | - | 190 000,00 |
| | **Тікелей шығыстар:** | | | | **6 502 856,00** | - | **6 502 856,00** |
| **3** | **іс-шара 1. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қатысуымен Студенттік кеңес отырысын өткізу (ақпан, қараша)** | | | | **190 000,00** | - | **190 000,00** |
| 3.1 | х баннер | қызмет | 1 | 30 000,00 | 30 000,00 | - | 30 000,00 |
| 3.2 | бейджик | дана | 50 | 300,00 | 15 000,00 | - | 15 000,00 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.3 | Қалам | дана | 100 | 250,00 | 25 000,00 | - | 25 000,00 |
| 3.4 | Блокнот | дана | 100 | 1 000,00 | 100 000,00 | - | 100 000,00 |
| 3.5 | су без газ 0,5 | дана | 100 | 200,00 | 20 000,00 | - | 20 000,00 |
| **4** | **іс-шара 2.«Студент көктемі-2023» облыстық студенттер фестивалі** | | | | **3 136 000,00** | - | **3 136 000,00** |
| 4.1 | билборд (сыртқы жарнама) | қызмет | 1 | 90 000,00 | 90 000,00 | - | 90 000,00 |
| 4.2 | фестиваль өтетін жерді жалға алу | қызмет | 1 | 400 000,00 | 400 000,00 | - | 400 000,00 |
| 4.3 | лэд экран залға 3*4 (кв2 25 мың) | қызмет | 1 | 300 000,00 | 300 000,00 | - | 300 000,00 |
| 4.4 | залды безендіру | қызмет | 1 | 150 000,00 | 150 000,00 | - | 150 000,00 |
| 4.5 | баннер 4*5 | қызмет | 1 | 100 000,00 | 100 000,00 | - | 100 000,00 |
| 4.6 | музыкалық аппаратура жалға алу | қызмет | 1 | 100 000,00 | 100 000,00 | - | 100 000,00 |
| 4.7 | спорт жеңімпаздарына КУБОК (комплект 1,2,3 орын) | дана | 4 | 80 000,00 | 320 000,00 | - | 320 000,00 |
| 4.8 | Кубок (Үздік спорттық оқу орын) | дана | 1 | 60 000,00 | 60 000,00 | - | 60 000,00 |
| 4.9 | Төрешілер қызметі | қызмет | 5 | 60 000,00 | 300 000,00 | - | 300 000,00 |
| 4.10 | лэд экран гала концертке 6*3 (кв2 25 мың) | қызмет | 1 | 450 000,00 | 450 000,00 | - | 450 000,00 |
| 4.11 | диплом рамкасымен | дана | 22 | 3 000,00 | 66 000,00 | - | 66 000,00 |
| 4.12 | жарық жабдықтарын жалға алу | қызмет | 1 | 200 000,00 | 200 000,00 | - | 200 000,00 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.13 | 1 орын жеңімпаздарына қаржылай сыйлық - би, ән, домбыра, футбол, волейбол, баскетбол | команда | 6 | 50 000,00 | 300 000,00 | - | 300 000,00 |
| 4.14 | 2 орын жеңімпаздарына қаржылай сыйлық - би, ән, домбыра, футбол, волейбол, баскетбол | команда | 6 | 30 000,00 | 180 000,00 | - | 180 000,00 |
| 4.15 | 3 орын жеңімпаздарына қаржылай сыйлық - би, ән, домбыра, футбол, волейбол, баскетбол | команда | 6 | 10 000,00 | 60 000,00 | - | 60 000,00 |
| 4.16 | үстел теннисі жеңімпаздарына қаржылай сыйлық 1 орын - 30000, 2 орын - 20000, 3 орын - 10000. | команда | 1 | 60 000,00 | 60 000,00 | - | 60 000,00 |
| **5** | **іс-шара 3. Облыстық "Жыл студенті-2023" байқауын ұйымдастыру** | | | | **2 104 000,00** | - | **2 104 000,00** |
| 5.1 | шара өтетін жерді жалға алу | қызмет | 1 | 400 000,00 | 400 000,00 | - | 400 000,00 |
| 5.2 | селфи box жалға алу | қызмет | 1 | 100 000,00 | 100 000,00 | - | 100 000,00 |
| 5.3 | баннер 4*5 | қызмет | 1 | 75 000,00 | 75 000,00 | - | 75 000,00 |
| 5.4 | диплом + рамка | дана | 10 | 2 800,00 | 28 000,00 | - | 28 000,00 |
| 5.5 | естелік сыйлықтар | дана | 10 | 100 000,00 | 1 000 000,00 | - | 1 000 000,00 |
| 5.6 | статуэтка | дана | 10 | 30 000,00 | 300 000,00 | - | 300 000,00 |
| 5.7 | гүл компазициясы | дана | 10 | 8 000,00 | 80 000,00 | - | 80 000,00 |
| 5.8 | Шақыру билеті | дана | 50 | 500,00 | 25 000,00 | - | 25 000,00 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.9 | от шашу | дана | 12 | 8 000,00 | 96 000,00 | - | 96 000,00 |
| **6** | **іс-шара 4. Студенттердің қызығушылықтары бойынша оларды қоғамдық, мәдени және спорттық өмірге тарту мақсатында студенттік клубтардың жұмысын ұйымдастыру** | | | | **1 072 856,00** | - | **1 072 856,00** |
| 6.1 | баннер 3*2 | қызмет | 1 | 18 000,00 | 18 000,00 | - | 18 000,00 |
| 6.2 | дизайнер қызметі | қызмет | 1 | 454 856,00 | 454 856,00 | - | 454 856,00 |
| 6.3 | фото видео қызметі | қызмет | 1 | 600 000,00 | 600 000,00 | - | 600 000,00 |
| | Жиынында: | | | | **10 210 000,00** | - | **10 210 000,00** |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға  арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұданәрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасындаболмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растаймын.

атқарушы директор [signature] Турмагамбетов Т.Б. 20 23 ж. " 13 " ақпан
(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)